

# Ақынмен өткен әсерлі кеш

Арқалық политехникалық колледжінде Алматыда «Тәуелсіздікке тарту» тақырыбында өткен республикалық ақындар айтысының бас жүлдегері, «Айтыстың ақтаңгері» атағына ие болған Қалиев Айбек Киікбайұлымен кездесу кеші өтті.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Мемлекет басшысының мақаласында айтылатын «ұлттық код» деген ұғымға халқымыздың қайталанбас керім өнерінің бірі айтыс та жатады. Айтыс – бәрша қазаққа керек өнер. Ол – әлімсақтан келе жатқан киелі өнеріміздің бірі. Айтыс өнері – өнердің падишасы. Айтыста кемшілікті айтады, сынды айтады. «Сын түзелмей, мін түзелмейді». Дарыңды, та-



лантты адамдар көнеді. Мінімізді бетке басып, сынайтын адамдар – нағыз айтыс ақындары. Айтыс болғаннан кейін, әзіл-қалжың, сын болуы шарт. Сондықтан бұл өнер – халықтық өнер.

Сырлы сұқбатқа толы болған әсерлі кеште жастар ақын өмірі мен

шығармашылығымен, адами болмысы мен рухани әлемімен жақын таныса алды. Өлең десе ішер асын жерге қоятын жастар ақынның жүрегі жарып шыққан өлеңдерімен рухани сусындап қайтты. Кеш соңына дейін тапқылдамай отырғандығынан-ақ жастар

мандардың қара өлеңге деген махаббатын аңғаруға болады. Көпшілікті әсіресе, бұл кездесуге асқан дайындықпен келген, ұйымдастырушылақ қабілетін жоғары деңгейде көрсеткен, рухани кешті ұйымдастыруға мұрындық болған Салтанат Хамзина мен Лайла Самыратованың жұмысы көңілге жылылық ұялатты.

Кеш соңында TO-18 тобының студенті, колледжіміздің жас ақыны Бекзат Шәптібаев Айбек Киікбайұлына «Айтыстың ақтаңгері» атты өлеңін тарту етті.

**Индира БІЛКЕНОВА,**  
Арқалық политехникалық колледжінің  
II-21 тобының студенті